

11. Страунинг Ю. А. Экологическое страхование как мера экономико-правового характера охраны окружающей среды // Российский следователь. 2017. № 7. С. 35-37.
12. Новикова Е. В. Современные экономико-правовые механизмы предупреждения и минимизации экологического вреда // Правоведение. 2018. Т. 62, № 4. С. 625–639.
13. Анисимов А. П. Экологическое право России: учебник / А. П. Анисимов, А. Я. Рыженков, А. Е. Черноморец. — М.: Изд-во Юрайт: ИД Юрайт, 2010.

БАНКТІК НЕСИЕ ШАРТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

Молдаш А.А.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің заң факультетінің I курс магистранты

Банктік несие шарты (contract of loan) – азаматтық-құқықтық шарт, ол бойынша бір тарап (несие беруші) екінші тараптың (қарыз алушының) меншігіне ақша немесе туынды белгілермен анықталған басқа да заттарды береді, ал қарыз алушы несие берушіге сондай соманы (қарызды) немесе дәл осындай ақша сомасын немесе осы тектегі және сападағы заттардың тең мөлшерін уақытында қайтаруға міндеттенеді.

Заң әдебиетінде банктік несие шартының құқықтық табиғатын айқындау мәселелерін қарастыруда несие шартын заем (қарыз) шартымен салыстыру қажет. Кейбір авторлар аталмыш шарттардың ұқсастығын танып, олардың ортақ белгілерін атап көрсетеді, қалғандары керісінше, аталған шарттардың арасындағы айырмашылықтарға назар аударады. Осындай талдаулардың негізінде азаматтық-құқықтық шарттар жүйесінде несие шартының дербестігі туралы, иә несие шарты заем шартының бір түрі деген қорытындыларға келеді. Мәселен, Р.И. Каримуллинаның пікірінше, несие шартының сипаттаушы белгілері оның қарыз шартымен арақатынасы туралы бір ғана қорытынды жасауға мүмкіндік береді [1, 12]. Осындай қорытындыны басқа да авторлар жасаған [2, 502; 3, 509].

Несие шартын дербес азаматтық-құқықтық шарт ретінде танитын пікірлер заң әдебиетінде жиі кездеседі. Атап айтқанда, Е.А. Павлодский былай деп жазады: «Азаматтық заңнамаға екі дербес шарт белгілі: заем және несие. Бұл шарттар көптеген ортақ белгілерге ие... бірақ бұл шарттар мәнді айырмашылықтарға да ие, бұл заң шығарушыны заем және несие шарттарынан туындайтын қатынастарды дербес реттеуге себепші болды» [4, 4].

Е.А. Суханов «несие шарты қарыз шартымен салыстырғанда субъектілік құрамы бойынша да, пәні бойынша да қолдану саласы тар болып келеді» деп жазып, несие шарты ерекше, қарыз шартының дербес бір түрі болып табылады деген қорытындыға келеді [5, 224].

Л.Г. Ефимова несие шарты мен қарыз шартының құқықтық тәртібі бойынша алты айырмашылығын айқындап, «іс жүзінде несие шартының барлық ерекшеліктерін қарыз шартының жеке белгілеріне ұқсатуға болады, тек қана бір айырмашылығын атап көрсетеді. Қарыз шарты дәстүрлі нақты шарт болып табылады, ал несие шарты қолданыстағы АҚ бойынша консенсуалдық шарт болып табылады» [6, 558]. Бірақ Л.Г. Ефимованың өзі қарыз шартының консенсуалдық табиғатын да растайды.

Несие шартының құқықтық табиғатына қатысты жалпы қорытынды бойынша, несие шарты консенсуалдық, қарыз шартының түрі деп сипатталады.

В.В. Витрянскийдің пікірінше, қарыз шарты мен несие шарттарының арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды айқындау үшін салыстырмалы талдау жүргізу әдістемелік-логикалық тұрғыда қате: несие шарты қарыз шартына қатысты туынды түрі болып табылады. Несие шарты қарыз шартының негізгі белгілеріне ие: одан қарыз алушының несие берушіге ақша сомасын шартта белгіленген мөлшерде, мерзімде қайтару

міндеттемесі пайда болады. Бұдан басқа несие шартына оның қолдану аясын шектейтін, қарыз шартының жеке түріне жатқызатын арнайы белгілері тән [7, 4].

Несие шартында арнайы екі белгіні айқындауға болады: біріншісі, несие беруші тарапында әрқашан банк немесе басқа несие ұйымы болады, екіншіден, несие шарты консенсуалдық сипатқа ие және екі жақты болып табылады.

Заң әдебиетінде көбінесе несие шартының объектісі болып тек қана ақша табылады, ал қарыз шарты бойынша қарыз алушыға ақша және туынды белгілерге ие мүліктер беріледі деген айырмашылықты атап көрсетеді. Мәселен, А.А. Вишневский қарыз шарты мен несие шартының пәні бойынша ажыратылатынын атап көрсетеді. Қарыз шартының пәні ақша немесе басқа да туынды белгілерге ие мүліктер. Несие шартының пәні болып тек қана ақша болады [8, 74].

Несие шартының қарыз шартынан тағы да бір айырмашылығы туралы заңда әдебиеттерде жиі айтылып жүргені несие шартының өтеулі болуында [5, 225]. Бірақ бұндай белгісі несие шартының ерекше қасиетін білдірмейді, себебі оны қарыз шартының бір түрі ретінде тануға болады. Себебі несие шартына туынды белгісімен ұқсас келетін қарыз шарты өтеулі сипатқа да ие бола алады [7, 6]. Заңнамада қарыз шартының өтеулігі презумпциясы бекітілген, ҚР АҚ-нің 718-бабының 1-бөлімінде: «Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, қарыз нысанасын пайдаланғаны үшін қарыз алушы шартта айқындалған мөлшерде қарыз берушіге сыйақы төлейді» делінген.

Сонымен қатар несие шартының әрқашанда жазбаша нысанда жасалуы қарыз шартының бір түрі болып табылатын несие шартының ерекше белгісі бола алмайды. Себебі қарыз шарты бойынша қарыз беруші ретінде заңды тұлға болғанда жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

Сонымен, несие шартын қарыз шартының дербес түрі ретінде бөліп көрсететін белгілері болып оның екі ерекшелігін атап өтуге болады:

Біріншіден, шартта несие беруші ретінде міндетті түрде банктің немесе басқа да несие ұйымдарының қатысуы;

Екіншіден, несие шартының консенсуалдық сипаты оны екі жақты деп тануға әкеледі: міндеттеме банк жағынан да (несие беру бойынша) туындайды, қарыз алушы жағынан да (несиені қайтару және несие үшін пайызды төлеу) міндеттеме туындайды.

Демек, ақшалай қарыз міндеттемесін туындататын шарт несие шарты деп танылуы үшін, қарыз беруші ролінде банк (басқа несие ұйымдары) болуы тиіс, оларға несие беру міндеті жүктеледі, ал шарттың өзі несие берген сәттен емес, шартқа қол қойылған сәттен бастап күшіне енуі тиіс.

Заң әдебиетінде несие шартын ерекше шарт жасасу тәртібі бар жария шарт ретінде танитын пікірлер кездеседі. Мәселен, Н.Н. Захарованың пікірінше, егер банк немес басқа да несие ұйымдары белгісіз адамдарға жарнамалау немесе басқа да ұсыныстар арқылы несие шартын жасасуға шақытартын болса, онда бұл жерде жария шарт жасасу туралы айтылады, өйткені шарттың барлық мәнді жағдайлары ұсынсы жасайтын тұлғаның еркін білдіріп, оған келіскен кез келген тұлғамен шарт жасасуды ниет еткен болса, онда бұл жария офферта болады да, жария шарт жасасу үшін негіз болып табылады [9, 11].

Бұған қарсы пікірді Ресей ғалымы В.В. Витрянский білдіре отырып, белгілі бір мүліктік айналымға қатысушы жария офферта жасап, шарттың барлық мәнді жағдайларынан тұратын ұсыныс жасалған талаптар бойынша кез келген тұлғамен шарт жасасу туралы ұсыныс беретін болса, бұл жерде жария шарт жасасу туралы мәселе болмайды. Банк үшін несие шартын жасасу лицензияланатын банк қызметін жасасу, өзінің атынан және өз есебінен азаматтар мен ұйымдардың ақша қаражаттарын орналастыру. Банктің бұндай қызметі банк туралы заңнамаға негізделеді, ондағы міндетті талап салынған ақша қаражатының қайтарылуына және қарыз алушылардың оны пайдаланғаны үшін ақы алуға сенімділік дәрежесін қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан банктің несие шартын жасасу қызметі мен несие беру қызметі өз сипаты

бойынша кез келген төлемге қабілетті қарыз алушыға қатысты жасалатын жария емес шарт деп танылады. Жалпыға танымал несиелендіру қағидалары: мерзімділігі, қайтарылуы, өтеулі болуы банктік несиелер тек қана қаржылық жағдайы қарызға алған ақшалай соманы уақытылы қайтару және банктің қызметін төлеу мүмкіндігі күмән туғызбайтын қарыз алушыларға беріледі дегенді білдіреді [7, 9].

Несие шарты белгілі бір алғышартпен жасалуы да мүмкін, мәселен, банкте жасалған несие шарты бойынша үшінші тұлға міндеттемені қамтамасыз ететін кепілді немесе басқа да несиені қайтаруға кепілдік беретін қамтамасыз ету тәсілін берген сәттен бастап жасалған несие шарты бойынша қарыз алушыға несиені беру міндеті пайда болатыны туралы шартта қарастырылуы мүмкін. Бірақ бұндай мән-жай несие шартының консенсуалдық сипатын өзгертпейді, себебі ол әрқашан тараптардың келісімге келуі (шартқа қол қоюы) сәтінен жасалды деп есептеледі, қарыз алушыға несие шарт жасалған соң беріледі.

Несие шартының мәнді жағдайлары. Заң әдебиетінде несие шартының пәніне қатысты әртүрлі пікірлер қалыптасқан, ол бойынша қарыз алушыға берілетін және қайтарылуға жататын ақшалай қаражат. Мысалы, Д.А. Медведев: «Шарттың пәні туынды белгілері бойынша анықталатын заттар емес ақшалай қаражат (ұлттық немесе шетелдік валюта) болады» [2, 503]. Л.Г. Ефимова несие шартының пәні болып ақша табылады, себебі банктің міндеттемесі ақшалай сипатқа ие болады деп пайымдайды [6, 523].

Е.А. Суханов «несиелердің көпшілігі қолма-қолсыз нысанда беріледі, сондықтан қазір несие шартының пәні болып ақшалай купюра түріндегі ақша емес, талап ету құқығы табылады» деп жазады [5, 225].

В.В. Витрянскийдің пікірінше, несие шартының пәні болып қарыз алушыға белгілі бір ақшалай соманы несие ретінде беру бойынша банктің әрекеті және қарыз алушының алған несие сомасын қайтару және банкке несиені пайдаланғаны үшін пайыз түрінде сыйақы төлеу бойынша әрекеті болып табылады [7, 12].

Несие шартының ерекшелігі келесідей:

Біріншіден, несие шарты – заем (қарыз) шартының бір түрі. Банк заемы шартына ҚР АҚ-нің 728-бабында көзделген ерекшеліктерімен қоса заем шартына қатысты ережелер қолданылады (ҚР АҚ, 727-бап, 3-бөлім).

Екіншіден, несие шарты консенсуалдық шарт. Оның ерекшелігі, несие беруші қарыз алушыны төлемге қабілетсіз деп тану тәртібі бұзылған жағдайда немесе қарыз берушіге берілетін сома уақытылы қайтарылмайтынын растайтын басқа да мән-жайлар орын алғанда, шартпен қарастырылған несиені толық немесе жартылай беруден бас тартуға құқылы болады. Сонымен бірге қарыз алушы да заңмен, басқа да құқықтық актілермен немесе шартпен басқаша қарастырылмаса, несие берушіні шартта белгіленген мерзімге дейін ескерте отырып, несиеден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

Үшіншіден, несие шарты екі немесе көп жақты болады. Несие шартының екіжақтылығы консенсуалдық сипатқа ие болуымен байланысты.

Несие шартының көпжақтылығы несиелендірудің қазіргі нысанына байланысты, яғни бір банктің күші жетпейтін ірі көлемді несиеге – консорциумдық несие беру жағдайында орын алады.

Төртіншіден, несие шартының тараптары болып несие беруші мен қарыз алушы болады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, несие беруші ретінде лицензиясы бар ҚР Ұлттық банкі, коммерциялық банктер, қаржылық-несие мекемелері бола алады.

Бесіншіден, несие шарты әрқашанда өтеулі. Қарыз алушы қарыз нысанасын пайдаланғаны үшін шартта айқындалған мөлшерде қарыз берушіге сыйақы төлейді. Сыйақының мөлшері шартпен білгіленеді.

Ислам банкі заем беруші болып табылатын банк заемы шарты бойынша ақша заемы мерзімділік және қайтарымдылық талаптары бойынша және ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы алынбай жүзеге асырылады (ҚР АҚ-нің 727-бабының 2-бөлімі).

Алтыншыдан, шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанды сақтамау банктік қарыз шартының жарамсыздығына әкеп соғады. Несие беруші мен қарыз алушы шартқа қол қойған сәттен бастап шарт жасалды деп есептеледі. Несие шарты құжатқа қол қою түрінде, пошта арқылы хат, телеграмма, телефонограмма алмасу арқылы да жасалуы мүмкін.

Жетіншіден, несие шартының пәні – ақша (ұлттық немесе шетел валютасы). Банк заемы шарты бойынша - борыш есебіне тектік белгілерімен айқындалған заттарды қабылдаумен; заттар заемы шарты бойынша - борыштың есебіне ақша қабылдаумен орындауға тиым салынады.

Банк пен клиенттің қарым-қатынасы тек заңмен емес, несиелік шартпен реттеледі, сондықтан шарттың міндеттемелері уақытылы орындалуы керек. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңы міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс екендігін қарастырады (ҚР Азаматтық кодексінің 272-бабы).

Сонымен, қолданыстағы азаматтық заңнама бойынша несие шарты банктік қызметте қолданылатын қарыз шартының бір түрі болып табылады. Біздің пікірімізше, ҚР Азаматтық кодексінде несие шартын дербес азаматтық-құқықтық шарт ретінде құқықтық реттеуге болады.

Құқықтық табиғаты бойынша несие шарты консенсуалды, екі жақты және өтеулі азаматтық-құқықтық шарт болып табылады. Несие шарты экономикалық мәнісі бойынша, банктің азаматтар мен заңды тұлғалардың салымдар мен банк шоттарына салынған ақша қаражатын орналастыру бойынша банктік қызметтің құқықтық нысаны болып табылады.

Несиелік міндеттемелер банк (басқа да несиелік ұйымдар) пен қарыз алушының арасындағы ақшалай несиелік қаражаттың қозғалысы бойынша туындайтын құқықтық қатынастар, өтеулі және мерзімдік белгілерімен сипатталады, арнайы шарттың (несие (қарыз) шартының) негізінде туындайды.

Қолданыстағы азаматтық заңнама бойынша несие шарты банктік қызметте қолданылатын қарыз шартының бір түрі болып табылады. Біздің пікірімізше, несие шартын дербес азаматтық-құқықтық шарт ретінде құқықтық реттеуге болады. Құқықтық табиғаты бойынша несие шарты консенсуалды, екі жақты және өтеулі азаматтық-құқықтық шарт болып табылады.

«Несие» ұғымы қоғамдық қатынастардың экономикалық мәнісін білдіреді. Несие бастапқыда несие берушіден қарыз алушыға құнның (ақшалай немесе тауар нысанында) өту қозғалысын білдіреді. Ал «қарыз» ұғымы осы қатынастардың құқықтық нысанын білдіреді, ол бойынша қарыз шартының пәні, кейін қайтару міндетін туындата отырып, қарыз алушыға беріледі. Басқаша айтқанда, бұл қоғамдық қатынас экономикалық тұрғыда несиелік болып табылады, ал құқықтық тұрғыда – қарыз беру болып саналады.

Несие міндеттемесі несие шартының негізінде туындайды. ҚР АҚ-де несие шарты қарыз шартының бір түрі ретінде қарастырылған, сондықтан дербес несие шартына анықтама берілмеген. Зерттеу нәтижесінде біз ҚР Азаматтық кодексінің 727-бабының 1-бөліміндегі Банк заемы шартының анықтамасын келесідей релаукцияда өзгертуді ұсынамыз: «Банк заемы шарты бойынша заем беруші заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді, ал заемшы қарыз ақшаны пайдаланғаны үшін заем берушіге шартта айқындалып белгіленген қарыз сомасынан пайыздық мөлшерлеменен сыйақыны мерзімді төлеуге және қарызды уақытында қайтаруға міндеттенеді».

Пайдаланылған әдебиетер:

1 Каримуллин Р.И. Права и обязанности сторон кредитного договора по российскому и германскому праву: автореф. дисс. к.ю.н. - М., 2001. – 21 с.

- 2 Гражданское право: Учебник. Т. 2. Изд. четвертое, перераб. и доп. / Под ред. А. П. Сергеева, Ю. К. Толстого. - М.: Проспект, 2003. - 848 с
- 3 Комментарий к Гражданскому кодексу Российской Федерации, части второй / Под ред. Т. Е. Абовой и А. Ю. Кабалкина. - М.: Юрайт, 2003. - 976 с.
- 4 Павлодский Е. А. Договоры организаций и граждан с банками. - М.: Статут, 2000. - 266 с.
- 5 Гражданское право: Учебник. В 2-х т. Т. II. Полутом 2. 2-е изд., перераб. и доп. / Отв. ред. Е. А. Суханов. - М.: Изд-во БЕК, 2000. - 704 с.
- 6 Ефимова Л. Г. Банковские сделки: право и практика. - М.: НИМП, 2001. - 654 с.
- 7 Витрянский В.В. Проблемы заключения и исполнения кредитного договора // Хозяйство и право. Приложение к журналу. - 2004.- № 11. - С. 1-80.
- 8 Вишневский А. А. Банковское право: Краткий курс лекций. - М: Статут, 2002. - 271 с.
- 9 Захарова Н.Н. Кредитный договор. - М.: Концерн "Банковский Деловой Центр", 1996. - 128 с.

НЕГІЗСІЗ БАЮ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕНІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мулькубаева Ш.Р. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университетінің аға оқытушы,
з.э.м.*

Тақырыптың өзектілігі ретінде - негізсіз баю институты өзінің қалыптасуы мен дамуы қазіргі кезеннің өзінде де аз зерттелген институттың бірі болып саналады, алайда алаяқтық әрекеттерді жасау үшін заңсыз баюды жиі қолданатын әдіс орын алғандығы белгілі. Негізсіз байытуға байланысты істердің көпшілігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (әрі қарай- ҚР АҚ) аясында қарастырылатындығына байланысты, негізсіз баю жәбірленушіге тек өтеу жазасы берілетіні мәлім. Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде қатаң жаза тәсілдері қолдануы мүмкін, бұл өз кезегінде заңсыз байып көруге мүмкіндік тудыратыны сөзсіз.

Қазіргі уақытта континенталды Еуропаның барлық дамыған заңдылықтарына белгілі, негізсіз байытудан туындайтын міндеттемелер рим құқығының *condictio* институтының (лат. *condictio*-алу, сатып алу) алудың нәтижесінде пайда болған.

Condictio sine causa (негізсіз сатып алу) рим заңгерлерінің көзқарастарының дамуы нәтижесінде осы санатқа қарыз төлеу қателігі (*condictio indebiti*) шындығында жоқ екендігі, қандай да бір мақсатқа қол жеткізу үшін талапкердің жауапкерге белгілі бір ақша сомасын немесе жылжымалы затты беруі, оған қол жеткізу мүмкін еместігі бастапқыда немесе кейіннен пайда болды (мысалы, кейіннен үйленбеген кезде жасау ретінде ақша беру, жалған өсиет бойынша мұра алу). Жоғарыда аталған барлық жағдайларда мүлікті алушы *condictio* талабы бойынша негіздің (*sine causa*) болмауына байланысты одан сатып алынған мүлікті алып қоюға қарсы бола алмады. Юстиниан Дигесталарында жіктелген кондицияның әртүрлі түрлері мен нысандарын, сондай-ақ жалпы *condictio sine causa* негізсіз байытудан міндеттемелер нормаларын құруға негіз болды [1; 509].

Негізсіз баюдан туындайтын міндеттеме институтына көптеген ғалымдардың еңбектері арналған, оларға Флейшиц Е.А., Гибанов В.П., Шершеневич Г.Ф., Эрделевский А.М., Иоффе О.С., Ем В.С., Носов В.А., Новак Д.В., Толстой Ю.К., Рясенцев В.А. және өзге де ғалымдар.